

# ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘУІРІ

ӘӨЖ 821.512.122.0:7(063)
Т 29

**ҚР БҒМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН**

**Редакциялық алқа:**
Қалижанов У., Қалиева А., Қирабаев С., Елеукенов Ш., Күзембай С., Ақыш Н., Орда Г., Пірәлі Г., Ананьева С., Ерғалиева Р., А.Мұқан.

**Жауапты редакторы – Қалижанов У.**
**Жауапты шығарушы – Орда Г.**
**Құрастырушы – Ахметова А.**

Т 29 **Тәуелсіздік дәуірі – ұлттық құндылықтар дәуірі.** Респуб. ғыл.-тәж. конф. мат. жинағы. / Құраст. А.Ахметова. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2016. – 144 б.

**ISBN 978-601-7414-72-6**

Жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ұлттық әдебиет пен өнердің ширек ғасырдағы өсу жолы мен жетістіктерін саралаған «Тәуелсіздік дәуірі – ұлттық құндылықтар дәуірі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары топтастырылды. Бүгінгі көркем әдебиет пен өнердің даму үрдістері мен перспективаларын нақты зерделеуге бағытталған ғылыми жиынның тұжырымдары негізінде көркем мәдениеттің көкейкесті мәселелері анықталып, жалпы ахуалына баға беріледі.

Конференция материалдарының жинағы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, оқытушылар мен әдебиеттанушы ғалымдарға және жалпы оқырманға арналған.

ӘӨЖ 821.512.122.0:7(063)

**ISBN 978-601-7414-72-6**

© ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

жіті қадағалау қажеттігін көрсетеді. Фольклор бұрынғы үстемдігін біржолата айырылғанымен, жоғарыда айтылғандай, көптеген фоль-лорлық жанрлар бүгін де қоғамға қызмет етуде, өз функциясын өтк-ғасырлардағыдай атқаруда, яғни өміршең. Сондай-ақ, қоғамда кәсі-белгілеріне қарай қалыптасқан саналуан заманауи фольклорл-микрожүйелер пайда болуда. Бұл дәстүрлі фольклордан мүлде ө-құбылыс. Ол ғылымда постфольклор, заманауи фольклор деп жіктел-жүр.

Демек, классикалық фольклор мен одан кейін пайда бол-құбылыстардың зерттеу әдістерін парықтау қажеттілігі анық. Б-орайда қазіргі фольклорлық процестің біртекті еместігін жә-көпвекторлы екенін ескеруіміз қажет. Бұған қоса, қазіргі фольклорд-социумның өзара қарым-қатынасы мәселелерімен тығыз байланыс-зерттеу қажеттілігі әрдайым назарда болғаны лазым.

Жоғарыда аталған жағдайлар фольклортанудың аясы едә-кеңейгенін әрі күн тәртібінде тұрған мәселелердің күрделене түскен-көрсетеді.

Қазақ фольклоры әлемдегі ең бай фольклордың бірі.

Біздің міндетіміз: 1) классикалық фольклорды одан әрі зертт-және сақтау, әлемдік ғылыми айналымға, әлемдік ғылыми контекс-енгізу; 2) қазіргі фольклорды жинап, зерттеу; 3) шетелдегі қаз-фольклорын зерттеу; 4) фольклортанудың этнофольклористик-социофольклористика, мифофольклористика сияқты жаңа салалары-қалыптастыру; 5) күн тәртібінде тұрған мәселелерді саралап, сенім-нәтижелерге қол жеткізу үшін жаңа методологияны, зерттеуд-заманауи стратегиясын қалыптастыру.

Бүгінгі таңда халық мәдениетіне, соның ішінде фольклорға-көпшілік қоғамның, сондай-ақ зерттеушілердің қызығушылығы арты-отыр. Ғалымдар XXI ғасырдағы көптеген рухани құбылыстард-бастауы халық шығармашылығында жатқанын дәлелдеді. Шынды-сол, фольклор – этностың дүниетанымдық және философиялы-этикалық, моральдық, эстетикалық ұстанымдары мен категорияларын-сүйенеді, оларды насихаттайды; өзінің гуманистік тенденцияларыме-жалпы адамзаттық үнімен келешекке ұмтылады.



**Гүлжаһан ОРДА,**
*М.О.Әуезов атындағы*
*Әдебиет және өнер институтының*
*бас ғылыми қызметкері,*
*филология ғылымдарының докторы*

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ романы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Тәуелсіздік тұсында қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Бұл жылдары прозаның жетекші жанры романның өрісі кеңейді. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәуірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік берді. Сондықтан да тәуелсіздік тұсында оған дейін біржақты бағаланған халықтың сан ғасырлық тарихының көркем шежіресі жасалып, жас ұрпақтың ұлттық санасын оятатын тарихи тағылымды романдар қатары көбейді.

Жазушылардың тарих қойнауына үңілуінің нәтижесінде ұлттық әдебиет бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін күрескен хандар мен батырлардың, билер мен шешендердің, ақындар мен қоғам-қайраткерлерінің көркем бейнесімен толықты. Соңғы ширек ғасырдағы әдебиетте Тоныкөк, Мүде хан, Шыңғыс хан, Бейбарыс сұлтан, Есім хан, Абылай хан, Кенесары хан, Шу батыр, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Шақантай батыр, Жарылғап батыр, Бердіқожа батыр, Мама батыр, Сырым батыр, Балуан шолақ, Оспан батыр, Есенгелді би, Жарылғап би, Шоң би, Халел Досмұхамбетов, Мұстафа Шоқай тәрізді ұлт көсемдерінің жарқын бейнесі сомдалды.

Ұлттық әдебиетте қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын Тұмар ханымнан бастап, Домалақ ана, Мүде ханның ақылды жары, Бөрте, Бопай, Күнімжан ханымдар, Сырым батырдың жары Ұлбала, Қабанбай батырдың жары Гауһар, қызы Назым, Абылай сұлтанның қызы Айтолқын, Бұланбай батырдың қызы Айбике тәрізді қазақ батырларының жігеріне жігер, қайратына қайрат, намысына намыс қосқан дана да дара, ержүрек батыр қазақ аруларының көркем галареясы жасалды.

XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы І.Есенберлин, Ә.Әлімжа
Д.Досжан, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, С.Сматаевтардың тар
романдарының қатары тәуелсіздік тұсында Х.Әдібаевтың «Оты
ойраны», Қ.Исабаевтың «Серт», «Шоң би», С.Әбілқасымұлы
«Оспан батыр», Ж.Тұрлыбаевтың «Райымбек батыр», Қ.Жұмаділов
«Дарабоз», Ж.Сәмитұлының «Қаһарлы Алтай», Қ.Сәрсеке
«Дешті Қыпшақ», М.Мағауиннің «Шыңғыс хан», К.Ахметбеко
«Қасірет», К.Сегізбайдың «Беласқан», Ұ.Доспанбетовтің «Қы
жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», С.Сматаевтың «Елім-ай» (үші
кітап), «Жарылғап батыр», Қ.Мұхамбетқалиұлының «Таркез
З.Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай», Ж.Ахмадидің «Шырғал
«Есенгелді би», «Жарылғап би», «Айтұмар», «Тектілік тұғыр
Б.Мұқайдың «Өмірзая», С.Байхоновтың «Алтай асу», Т.Зәкенұлы
«Көк бөрілердің көз жасы», «Мәңгітас» тәрізді шығармалар
толықты. Жазушылардың аталған романдарына түркі қағанаты
бастап, әр дәуірдегі қазақ тарихының қилы кезеңдері арқау бол
Х.Әдібаевтың «Отырар ойранында» сегіз ғасыр өмір сүріп, ақы
күлтөбеге айналған қала трагедиясы зұлмат күштердің а
баласымен бірге жасап келе жатқан мәңгі толастамаған айқасы
суреттелсе, атақты жазушы М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» атты
кітаптан тұратын деректі романында Мұсылман, Қытай, Батыс Еур
деректері мен Далалық шежірелер негізінде XII-XIII ғасырдағы О
Азиядағы Ұлы даланың тарихы көркем шындыққа айналды. Жазу
күллі әлемді дүр сілкіндірген ұлы қолбасының ұлы империя құрған
тарихи деректермен растап, «Шыңғыс ханның ең негізгі мұрагер
қазақ халқы» екендігін баса айтты.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республика
Мемлекеттік сыйлығының иегері Қ.Жұмаділовтің «Дарабо
З.Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай» романдарында XV
ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи оқиға
бас қолбасшы Қабанбай батыр төңірегіндегі қанды шайқастар
баяндалса, Ұ.Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың
туы» атты төрт кітаптан тұратын роман-эпопеясына Қаратау мен І
Сырдария, Шу, Қаратал өзендерінің бойында осыдан үш ғасыр бұр
өткен, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақтал
қазақ-қалмақ қақтығыстары көркем бейнеленді. Жазушылар



ен жерін сыртқы жаудан қорғаудағы батырлардың жанкешті
лігі, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық күресі
қылы жауынгер қазақ халқының ерлік дәстүрлеріне жан бітіріп,
мандардың негізгі лейтмотивіне (өзегіне) айналған адам, халық, ел,
т, мемлекет дербестігі туралы ұстанымдарын ұсынды.
XVIII ғасырдағы Батыс Қазақстандағы тарихи оқиғалар негіз болған
Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» романында «Сырым батыр»
ырындағы, Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» пьесасындағы
зге таныс батырдың бейнесі тарихи деректермен толығып, шешен,
, ойшыл, саясаткер, генерал Суворовтың өзі мойындаған батыр
ырым Датұлының сом тұлғасы жасалды. Аталған романдар бүгінгі
уелсіздігіміздің сан ғасырға созылған кескілескен шайқаспен
лгендігіне, көз алартқан жаулардан қазақтың дархан даласын
рғау барысында қаншама хандар мен сұлтандардың, батырлар
н сардарлардың билер мен шешендердің жан алып, жан бергеніне
зімізді жеткізді. Тарихи романдардың негізгі жетістіктерінің бірі –
ған дейін бұратана, көшпелі атанған қазақ халқына деген біржақты
зқарастың біржола өзгеруі. Атадан балаға мұра болып қалған
й ауыз әдебиеті үлгілеріне, тың тарихи мәліметтерге сүйенген
азушылар сан ғасырлар бойы қалыптасқан Ұлы дала өркениетін
ынайы бейнелеуде жетістікке жетті.

Тарихи шығармалардың ішінен Ә.Сараевтың «Еділ-Жайық,
.Салғариннің «Қазақтар», Б.Мұқайдың «Өмірзая», С.Досановтың
XX ғасыр», Қ.Мұхамбетқалиұлы «Тар кезең», Б.Нұржекенің «Әй,
ұние-ай» романдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
ыйлығын алды. Осылайша тәуелсіз қазақ елінің талап-тілегінен
уындаған тарихи романдар көпшілік оқырманның ыстық ықыласына
өленді. Егемен елдің тәуелсіздігі мызғымай, көк байрағы желбіреп
ұруын мақсат еткен «Өмірзая» романы жөнінде: «Өмірзая» романы –
әуелсіздік рухына қандайда зорлық-зомбылықтың әлі келмейтіндігіне
ландыра алатын шығарма», – дейді тарихи романдардың арғы-бергі
арихын зерттеуші-ғалым Ш.Елеукенов.

«Жазушы үшін өз заманының шежірешісі болу – бақыт» деп
Бальзак айтқандай, қазақ романдарының тағы бір тобына бүгінде
тарих қойнауына енген XX ғасырдағы қазақ тарихының қилы
тағдыры негіз болды. Бұл қатарда Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз»,

Ә.Таразидың «Жаза», «Шер», «Қиянат», Б.Тілегеновтің « өмірдің құпиясы», Р.Тоқтаровтың «Бақытты құлдықтың ақ З.Сәніктің «Сергелдең», Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Таңғаж дүние», Ш.Құмарованың «Ғасыр нұры», О.Сәрсенбаевтың «Шең Ж.Самитұлының «Қаһарлы Алтай», Т.Тілеухановтың «Үш мұңы», «Ұрпақты жалғап ұрпаққа», «Ең ғажайып хикая», «37 жы балалары», К.Ахметбековтың «Қасірет» романы, А.Мекеба «Қазына сыры», С.Ғаббасовтың «Көңіл құсы», С.Досановтың ғасыр», «Аптаның екінші күні», «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұ Ө.Кәріпұлының «Тайталас», С.Әбілқасымұлының «Оспан ба Ұ.Доспанбетовтың «Жылусыз от», «Іле мен Қаратал», Б.Нұрже «Әй, дүние-ай», К.Сегізбаевтың «Беласқан», Д.Досжан «Аба С.Сматаевтың «Біз – құлмыз ба, кімбіз?», Т.Нұрмағамбет «Мешкей», Р.Ниязбековтің «Тас құдай», «Тауқымет», Н.Дәутае «Құдірет пен қасірет», М.Қожахметованың «Жантәсі Д.Батырдың «Ақ барыс», С.Елубайдың «Мінажат», «Жалған ду Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аязбиі», «Жаңғырық», «Ал маңында», Қ.Жиенбаевтың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән с әлі ерте», «Жер үстінде жұмақ бар», М.Шайырдың «О, Даны Дүние!..», Т.Әлжантегінің «Қым-қиғаш тіршілік», Қ.Түменбае «Берекет көрмеген бейбақтар», «Бекеттегі бейкүнә Ж.Әлмашұлының «Күлкі мен көз жасы», Ғ.Құлахметовтің « жоқ көкжал», Т.Әлпейісовтің «Жоңғардың соңғы қашқы Т.Қосуақтың «Әйел айтқан хикая», С.Досжанованың «Үлкен үй үрей», «Жалғыздың жарасы», Ә.Ыбырайымұлының «Ұяластар», романдарын атауға болады. Аталған романдардың бірсыпырас ХХ ғасырдың айтулы оқиғалары, енді бір парасына қазіргі за шындығы арқау болған.

Ленинзм заңдылықтарымен біртұтас қаралған Сталин ку қазақ халқының басына қаншалықты қайғы-қасірет алып кел негіз болды. С.Елубайдың «Мінажат» («Ақбоз үй»), А.Мекебаев «Қазына сыры», Ж.Бектұровтың «Таңба», Р.Ниязбековтің « құдай» романдарында қазақ тарихынан орын алған трагедия басты себептері мен алғы шарттарын ашып көрсетуге ден қой ұлт тарихында қара әріппен жазылған қасіретке толы жап ашаршылықтан сыр шертті. Қазақ романы жеке басқа табыну



лдарынан қазақ халқының қынадай қырылуы, қазақ даласында ам мәйіттерінің тау-тау болып үйіліп қалуы тәрізді сюжеттермен ылықты.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқы үшін қасіретке толы лғаны тарихтан белгілі. Қазақ жерін тұтас жалмаған ашаршылықтан йін келген отыз жетінің қырғыны онсыз да есеңгіреп отырған елді ралатып тастады. ХХ ғасыр басындағы ұлт мүддесін жоғары қойған аш азаматтарының елі мен жеріне сіңірген еңбегі мен олардың ғдыр тауқыметі Ә.Сараевтың «Еділ-Жайық» романындағы Халел смұхамбетов, Ш.Мұртазаның «Тамұқ» романында «Революцияның ызыл Жебесі» Т.Рысқұловтың төңірегінде баяндалды.

Бүгінгі таңда қазақ халқын ғана емес, күллі әлемді алаңдатқан әселенің бірі – табиғат экологиясы. Осы мәселені КСРО Мемлекеттік йлығының лауреаты Ә.Нұрпейісов «Сенім» романында жан-жақты этерді. Жазушы романды бірнеше рет түзеп, толықтырып «Соңғы арыз» роман-дилогиясын ұсынды. Автор табиғат пен адам туралы олғанысын бір кезде шалқып, кемеріне сыймай жатқан Арал теңізінің енезесі кеуіп, ыңырсыған жоқтауымен бейнелеуде психологиялық рімдерді игерді. Адамзат қолымен жасалатын қасіреттерден шығар олды іздеген автор жер, су, ауаны Алла тағаланың жаратқанын амандастарының есіне салды. Табиғат экологиясын адамзат кологиясымен ұштастырған жазушы ұлттық мұраттарымызды өздің қарашығындай сақтау арқылы жаһанданудың жайын аузына үсіп кетпеуді жадында ұстады. Осылайша жазушы ұлттық деңгейден ығып күллі адамзат баласына ортақ құндылықтарды көтерді.

Тәуелсіздік жылдары қазақ романы жаңа мазмұнмен толыға түсті. Олардың қатарынан кешегі ауған соғысы да орын алды. Ә.Таразидің «Жаза» романы ауған соғысы туралы жаңаша ой қозғайтын туынды. Соғыстан қайтпаған мыңдаған боздақтардың қаны не үшін, кім үшін төгілгеніне бүгінде жауап беру қиын. Жазушы қан кешіп келген солдат басындағы психикалық ауытқу арқылы мақсатсыз соғыстың жеңісі де, жеңілісі де мақсатсыз болатындығын ХХ ғасыр соңындағы әділетсіз соғыстың жазасымен түсіндіруге тырысқан. Өмір шындығын әлемдік тәжірибемен ұштастырған жазушы қазақ романын бір сатыға көтерді.

Кеңестік дәуірдегі өмірдің қайшылықты жақтарын сынға алған шығарманың бірі – О.Сәрсенбаевтың «Шеңбер» романы. Жазушы бұл

романында кеңестік дәуірдің күнгейіне емес, көлеңкелі жақ үңілді. «Бір аяғымыз социолизмде, бір аяғымыз коммунизмде» деп халықты өз саясатына имандай сендірген кеңестік идеолог астарына үңіле білген жазушы сол коммунизмге не себепті алмай, аяғымыз көктен келгендігін түсіндіруге ден қойған. Т Қазақстанның XXI ғасырдағы шипасы жоқ дертіне айналған қасі бірі – сыбайлас жемқорлық болса, сол жемқорлықтың бүгіннен алмағанына назар аудару арқылы оның кеңестік дәуірдің т жеткендігін көрсеткен. Алайда бүкіл елді соқыр сенімге сен соқыр қоғамда болып жатқан кездейсоқ оқиғалардың бар жинақтала келіп, қоғамның жазылмайтын дертін көрсетсе, тәуел тұсында болып жатқан осындай өлімдердің де артында республи емес, әлемді бағындырған миллионерлердің тұрғандығын еске са Жазушының кеңестік дәуірдегі жебірлердің әрекетін сөз ету ар бүгінгі белең алған сыбайлас жемқорлыққа шипа іздегені анық.

Ал, Алдан Смайыл «Тамұқтан келген адам» атты роман психо-трагизм әдісін пайдаланды. Жазушы адам, табиғат, қоғам тарихы төңірегіндегі сан сауалдарға жауап іздеуде психологи философиялық ойларға жетелейді. Өмір мен өлім жай психологиялық астармен, трагедиялық ойлармен философи тұжырым жасаған жазушы көркемдік-эстетикалық ізденістер қазіргі қазақ прозасын байытты.

Әр алуан тақырыпты көтерген жазушылар ел өміріндегі не мәселелердің бәрін де қамтуға тырысты. Қазақ халқының ғана тән бауырмалдық, туысқандық, қонақжайлық сынды ұл қасиеттерінен айырыла бастауын ұлт қасіреті етіп көрсет шығарманың бірі – К.Ахметбековтың «Қасірет» романы. Ө ғасырда қала тұрғындары безбүйрек болып көрінетін, ал қазіргі та ауыл қазақтарының өзі туысқан мен бауырға қайырымы жоқ қат болып бара жатқаны ащы болса да шындық. Жазушы қазаққа мінез-құлықтардың қайдан, қалай пайда бола бастағандығына, о жұқпалы дерттей қаулап өсіп бара жатқандығына күйіне оты оған шипа іздейді.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ романының мазмұнын байытқан т бір топ қаламгерлер шығармаларына XX ғасыр басында туған жер үдере көшен бауырларымыздың еліміз егемендік алған соң атамеке



уы, олардың бастан кешкен қасіретті тағдыры арқау болды. Осы ырыпта жазып жүрген Қ.Жұмаділов пен Ж.Ахмадидың романдарын жылдары Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Х.Оралтайдың «Елім-ап өткен өмір», З.Сәніктің «Сергелден», Ж.Самитұлының «Қаһарлы тай» Т.Рыскелдиевтің «Ұлы көш» романдары толықтырды. һарлы Алтай» мен «Оспан батырда» Шығыс Түркістандағы халық ерілісінің басшысы Оспан батырдың күрескерлік тұлғасы өзі өмір ген дәуірмен бірлікте қаралса, аталған шығармалар сыртта жүрген ырларымыздың басынан өткен зұлмат жылдарға жан бітіріп, «мың п, мың тірілген» қазақ халқының қасіретті жылдардағы жанкешті шілігінен мол мағлұмат берді. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» ендей, ешкім оларды маңдайынан сыйпап, енші бөліп бермегені, рісінше өмір үшін арпалыса жүріп ұлттық құндылықтарымызды тап қалғаны нанымды суреттелді.

Бұл жылдары жазылған шығармалардың бірсыпырасы – өмірде лған тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасаған тарихи-мырнамалық романдар. Жекелеген қайраткерлердің өмірі арқылы л тұстағы қоғам өмірінен хабар берген шығармалар қатарында Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Б.Имановтың «Амангелді», Таразидың «Мұстафа Шоқай» романын атауға болады. «Абайдың ұмбағы» қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың, «Амангелді» ұлт-аттық көтерілістің басшысы Амангелді Имановтың, «Мұстафа окай» романы түркі әлемін тұтастандыру жолында орыс аршылдарымен күресіп өткен М.Шоқайдың күреске толы өмірінен абар беретін туындылар.

Келесі қатарды О.Сәрсенбаевтың «Шамшырақ», И.Жақановтың Ықылас», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Д.Досжанның Мұхтар жолы», «Абай айнасы», «Алыптың азабы», Р.Тоқтаровтың Абайдың жұмбағы», Е.Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы», .Жақсыбаевтың «Иса ақын», Т.Мәмесейіттің «Таңжарық», .Әсемқұловтың «Біржан сал», Е.Төлеутайдың «Жүсіпбек Елебеков» різді өнер және өнер иелері туралы романдары толықтырады. Әр әуірде өмір сүрген өнер майталмандарының қилы тағдыры ұлттық нерiміздің соқпақты жолдарынан мол мағлұмат береді.

Деректі романдар туралы сөз еткенде өзінің көрнекті замандастары М.Бейсенбаев, Ж.Чайжүнісов, Ғ.Мүсірепов, академиктер Сәтпаев,

Машанов, Букетов туралы жазып жүрген М.Сәрсекенің «Ерму
Бекмаханов», «Қаныш Сәтбаев», «Ебіней Бөкетов» тәрізді дере
романдарын атауға тура келеді. Бұл шығармаларда деректі
нақтылық, тарихилық сипаттың басым болуы жазушының көркемд
ізденістерін байқатты.

Мәңгілік тақырыптың бірі болып саналатын әйел тағдыр
махаббат мәселесі де жазушылар назарынан тыс қалған жоқ. Қаз
әдебиетіндегі әйел-ана, махаббат тақырыбын Ә.Таразидың «Махаб
жыры», Қ.Қамбаровтың «Махаббат тұрағы, «Екі арудың махаббаты
Ш.Елеукеновтің «Әттең, дүние», Ә.Ыдырысовтың «Таңшолпан
Ш.Құмарованың «Сезім патшалығы» романдары толықтырд
Жазушылар аталған туындыларымен әлемге нәр беруші, тіршілік ие
әйел-ана бейнесін жан-жақты ашуға тырысты. Олар әртүрлі уақы
әртүрлі ортадағы әйел-аналар тағдыры арқылы махаббаттың са
сауалына жауап іздеді. Бұл тақырыпты әр жазушы әр қырынан ал
отырып, бір мәселені әртүрлі шеше білді. Махаббат атты ұлы сезім
көркем бейнелеуде қазақ жазушылары психологизмді шебер игер
адам бойындағы ұлы сезімдерді табиғаттың тылсым күшімен аш
ден қойды.

Сонымен бірге ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі айтулы Желтоқс
оқиғасы жөніндегі эпикалық шығармалар дүниеге келді. Олард
қатарында Д.Досжанның «Алаң», М.Шахановтың «Желтоқс
эпопеясы», Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы», «Желқайы
Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарын атауға болады. Аталғ
романдарда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қазақ халқына ал
келген қасіреті жекелеген кейіпкерлер өмірімен шынайы бейнелен
Саяси айыпты болып табылған қуғын-сүргін құрбандарын
кеңес түрмелерінде өткен күндері тың деректермен оқырман
өзіне баурады. Аталған романдардың барлығы да тәуелсіздік үш
күрескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысы ретін
танылды. Желтоқсан оқиғасының аяқ астынан өршіп кетуі, ала
шыққан жастарды қыспаққа алу, оларға жүргізілген сұрақ-жа
процестері, қуғын-сүргін құрбандарының тағдырдың тауқымет
ұшырап қиын-қыстау күн кешуі, түрмеге түскен жастардың мезгіл
қыршынынан қиылуы – барлығы да сол тұстағы ел өміріндегі шынд
Романдарға негіз болған жауынгер қазақ жастарының өршіл рух



отаршылдықтың өшіре алмағандығы, ерлік пен ездіктің қатар өмір сүруі, жетпіс жылдан аса өмір сүрген Коммунистік партияның бейбіт халыққа қару жұмсауы болса, бұлардың барлығы да сол тұстағы қоғам өмірінің боямасыз шындығы еді.

Қазақ жазушылары өткен тарихпен бірге қазіргі қоғам шындығын көркем бейнелеуде роман жанрын замандастарымыздың көркем бейнесімен толықтырды. Қазақстанды ұзақ жылдар басқарған Д.А.Қонаев туралы Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-естелігінде ұзақ жылдар мемлекеттік қызметтер атқарған автор күллі КСРО-да болып жатқан ірілі-ұсақты оқиғаларды Мәскеудегі ЦК-ның қалт жібермей қадағалап отырғандығын кеңестік дәуірдің ешкім біле бермейтін құпия сырларымен сөйлеткен болатын. Ал, Д.Досжанның «Ақ орда» романында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көркем бейнесі сомдалды. Жазушы мұнда қалыптасқан классикалық дәстүрден гөрі ой мен ой ағынына ауысып авангардтық тәсілді ұстанды. Бұл жылдары қаламгерлер өмірдің күнгейіне қарағанда көлеңкелі тұстарына баса назар аударды. Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарын ширек ғасырдан аса басқарған Асанбай Асқаров өмірінің соңғы жылдарындағы тауқыметті тағдыр Р.Ниязбековтің «Тауқымет» романына негіз болса, Желтоқсан оқиғасы туралы романдарда Қ.Рысқұлбековтің бейнесі [т]иптік дәрежеге көтерілді. Сонымен бірге Г.Бельгердің «Тұйық су», [?].Әлжантегінің «Қым қиғаш тіршілігі», Ғ.Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал», Т.Нұрмағамбетовтің «Мешкей», Қ.Жиенбаевтың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте» романдары бүгінгі күннің оқиғаларын арқау етуімен ерекшеленеді.

Осылайша қазақ романының мазмұны жаңа оқиғалармен толықты. Жазушыларымыз түркі қағанаты, моңғол шапқыншылығы, жоңғарлармен кескілескен ұрыс, отаршылдық зардаптары, ұлт-азаттық күрес, ХХ ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі, Қазақстандағы «Кіші Октябрь», тәркілеу мен жаппай колхоздастырудың [с]алдарынан қандастарымыздың елден үдере көшуі, шетелге ауған бауырларымыздың қилы тағдыры, қызылдар қырғыны, жаппай ашаршылық, сталиндік репрессия, коммунистік тоталитаризм, Ұлы Отан соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ауыр тұрмыс, шаруашылықты қалпына келтіру, «Тың және тыңайған жерлерді

игеру», 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысы, ХХ ғасырдың тоқсаны
жылдарындағы ел экономикасының тығырыққа тірелуі, қазіргі өз
өмір сүріп отырған қоғам шындығы тәрізді қазақ халқының өмірі
үлкен орын алатын тарихи оқиғаларға жан бітіру арқылы өткен
бен бүгінімізді түгендеуге атсалысты.

Мазмұны жаңарған қазақ романы түрі жағынан да бірш
ізденістерге қол жеткізді. Көркем әдебиеттегі С.Сейфулл
С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, С.Көбеевтердің мемуарлық романдары
қатарын Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», М.Мағауин
«Мен», Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастары
Х.Әдібаевтың «Өмір дария», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айш
Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі», Қ.Қамбарұлының «Әзі
Сұлтан» романдары толықтырды. Аталған романдар авторлардың
куә болған оқиғалар негізінде жазылғандықтан олардың барлығы
ХХ ғасырдағы ел өмірінен хабар береді. Алайда әр жазушы өзі
болған тарихи оқиғаларды әркилы дамытқан. Ә.Нұршайықовт
романы аты айтып тұрғандай өзінің төңірегіндегі замандаст
арқылы сол тұстағы қоғам өмірінен хабар берсе, М.Мағау
шығармасындағы ғылыми жұмысына қатысты деректер кеңес
дәуір тұсында қазақтың тарихын тереңірек зерттеуге, білуге ти
салынғандығын «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақта
мен «Көк мұнар» шығармасына жасалған қиянаттар растай
Қ.Жұмаділов романында екі мемлекет арасындағы тарихи оқиға
бір кезде қазақ халқының басына түскен ауыр қайғы арқылы кін
кескен жерден үдере көшуімен көрсетсе, бүгінде олардың атамеке
көшіп келуімен отанның оттан да ыстық екендігін сыртта жүр
ағайындардың тіршілігімен нанымды бейнелеген. Ал, Ш.Мұрт
романының бас кейіпкері Барсханның өмірі ХХ ғасырдың бірін
жартысындағы ел өміріндегі аумалы-төкпелі жағдайдан хабар бер
Барсхан мен анасы Айшаның «халық жауының» отбасы ретін
тағдырдың тауқыметін тартуы кешегі мыңдаған жандарың жиынт
бейнесі екені рас.

Қазіргі романдарда жаңашыл әдеби-көркем үрдістердің қалып
бастағандығын М.Мағауинның «Жармақ», Х.Әдібаевтың «Созвез
близнецов», А.Жақсылықовтың «Сны окаянных», Т.Әсемқұлов
«Талтүс», А.Кемелбаеваның «Мұнара», Д.Амантайдың «Тоты



үсті көбелек», «Шайыр мен Шайтан», «Гүлдер мен кітаптар»,
И.Омарованың «Ана-ғұмыр», А.Әлменбеттің «Мимырт» тәрізді
туындыларындағы көркемдік-стильдік ізденістерден байқалады.
Мұхтар Мағауинның «Жармақ» романы соны құбылыс ретінде
танылып, әдебиетші қауымның жоғары бағасына ие болды. Адам
жанының екіге жарылуы ұлттық әдебиетте бұған дейін болғанмен,
автор ұлт тағдырына қатысты өзекті мәселелерді алдыңғы планға
шығарғандығымен ерекшеленеді. Ал, Т.Әсемқұлов, Д.Амантай,
А.Кемелбаевалар осы романдарымен «Сорос-Қазақстан» қорының
ұйымдастыруымен 2000 жылдардың басында өткен «Қазіргі
заманғы Қазақстан романы» атты әдеби байқаудың жеңімпаздары
атанды. Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы әдеби сында
қарама-қайшы пікір тудырды, бірінші топтағылар жазушы тілінің
жасандығына, көркемдігінің төмендігіне, мағынасының ауырлығына
назар аударса, екінші топтағылар философиясының тереңдігі, көп
қатпарлы болғандықтан түсінуге қиындығы, алыстан орағытатындығы
жөнінде айтты. Жазушы Д.Исабеков бұл шығарманы «роман емес»
дегенде, Г.Бельгер керісінше осындай шығармаларды шет тілдеріне
аудару керектігін ұсынды. Ал, қазіргі әдебиеттегі модернизм мен
постмодернизм поэтикасы туралы Б.Майтанов, З.Серікқалиев,
Г.Бельгер, Ә.Бөпежанова, Т.Әсемқұлов, Л.Сафронова тәрізді
ғалымдар өз зерттеулерінде біршама түсінік берді.

Ал, А.Алтайдың «Алтай новелласы» мифке құрылса,
Т.Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романында сатираның, С.Досжанның
«Үлкен үйдегі үрей» романында мистиканың басым болуы
жазушылар шығармаларындағы түрлік ізденістерді көрсетсе, Шоқан
Әлімбаевтың «Данышпандық формуласы», Досжан Өтековтің «Мон-
сандр құпиясы», Жүніс Сахиевтің «Қимайтын әлем», «Көктен келген
кешпенділер», «Марстан шыққан жаңғырық», «Шолпанға көшкен
ауыл», «Космотарих куәсі» тәрізді фантастикалық туындылары қазақ
романын түрі жағынан байытты.

Бұл тұста мемуарлық роман (*Х.Әдібаев «Өмірдария», Қ.Жұмаділов «Соңғы көш»*), новеллалық роман (*Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»*), роман-эссе (*Е.Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы», М. Сәрсеке «Қаныш Сәтпаев»*), шырғалаң роман (*С.Сматаев «Біз – құлмыз ба, кімбіз»*), публицистикалық роман (*Қ.Жиенбай «Жер үстінде жұмақ*

*бар»*), роман-толғау *(Д.Досжан «Таразы»),* роман-естелік (*Б.Тілеге*
*«Тұйық өмірдің құпиясы»)*, деректі роман (*Д.Досжан «Аңы*
*айналған ақиқат» (2001, М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы*
*М.Сәрсекеевтің «Ермұхан Бекмаханов», «Қаныш Сәтбаев», «Е*
*Бөкетов»)* түрлері көбейді. Осылайша қазақ жазушылары тәуелсі
тұсында роман жанрын жаңа белеске көтерді.

Сонымен бірге қазақстандық жазушылар Г.Бельгердің «Кезбе
үйі», М.Симашконың «Колокол» («Қоңырау»), «Комис
Джангильдин», «Қасиетті Жерге – сапар», «Төртінші Ри
З.Самадидың «Ахмет эфенди», «Истәк вә қисмәт», «Дәртмән
зари», А.Аширидің «Идиқұт», «Дили Зия» («Нұрлы жүрек»), «Бау
Арт Текин», (дилогия), Р.Розиевтің «Кісенденген жүректе
А.Бавдиновтың «Тұтқын», «Кеспелтек – жаңғырық», Т.Тохтамов
«Назигум», И.Жалиловтың «Ипархан», М.Якубовтың «Оғузха
және басқа авторлардың көптеген романдарын оқырмандар сүйсі
оқыды. Негізінен тарихи тақырыпты көтерген романдардың ішін
ұйғыр жазушысы А.Аширидің «Дили Зия» романы «Бент» акционер
қоғамының президенті, кәсіпкер Дилмурат Қузиев туралы екенін е
алатын болсақ, бұл қазіргі роман қаһармандарына біздің қоға
өмір сүріп жатқан замандастарымыздың өмір-тіршілігі негіз б
бастағанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, роман жанрының қалыптасқан психологи
лық, тарихи, биографиялық, публицистикалық түрі соңғы шир
ғасырда мазмұны мен формасы жағынан біршама толықты, жаңард
Осы уақыт аралығында 38 еңбекке Қазақстан Республикасын
Әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілі
Олардың ішінде көркем шығармалармен бірге зерттеу еңбек
де бар. Ал, сүйекті жанр бойынша 12 шығарманың Мемлекет
сыйлыққа ие болуы (*Қ.Ысқақ «Ақсу – жер жанаты» (199*
*Ә.Сараев «Еділ-Жайық» (1994), Қ.Салғарин «Қазақтар» (199*
*З.Қабдолов «Менің Әуезовым» (1998), Б.Мұқай «Өмірзая» (200*
*Р.Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» (2000), О.Сәрсенбаев «Шеңбе*
*(2000), Ә.Тарази «Жаза» (2002), А.Смайыл «Тамұқтан кел*
*адам» (2006), С.Досанов «XX ғасыр» (2012), Қ.Мұхамбетқали*
*«Тар кезең» (2014), Б.Нұржеке «Әй, дүние-ай» (2016)* бұл жанрд
болашағынан мол үміт күттірсе керек. Осының өзі мемле



тарапынан жазушыларға қамқорлықтың жасалып жатқанын
байқатады.

Жоғарыда аталған мәселелер тәуелсіздік тұсындағы қазақ
романының көркемдік-эстетикалық жетістіктерін көрсетсе, алдағы
уақытта осы жанрдың көкжиегін кеңейту мақсатында бірсыпыра
кемшін тұстарға көңіл аудару керек. Біріншіден, жазушылардың дені
тарихи тақырыптарды қаузаймыз деп, бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған
қоғамның көркем суреттері екінші планда қала бастаған. Әңгіме,
повестер мен поэмаларға ұшқыштар (Т.Әубәкіров), спортшылар
(Б.Саттарханов), өнер майталмандары (А.Әшімов), қоғамның әр
саласындағы замандастарымыздың өмір жолы негіз болып жатқанын
еске алатын болсақ, романның бас қаһарманы XXI ғасыр кейіпкерлері
болуы жетіңкіремей жатыр. Екіншіден, бірсыпыра романдарда
жазушылардың прозадан публицистикаға ойыса бастағаны байқалады.
Үшіншіден, жаңадан тіркес жасаймын деп қазақтың шұрайлы тілін
орынсыз бұрмалаушылық кездеседі. Төртіншіден, оқырманды
жалықтыратын ұзақ-сонар, тәптіштеп баяндаулар көп орын алады.
Бесіншіден, жаңа заманның құндылықтарын көрсетудің орнына
жалай жазылып, көп қаузалған тақырыптардың шеңберінен шыға
алмаушылық көбірек көзге түседі. Дегенмен, қазіргі қазақ романы
бар, романистері бар, оқырманы да бар!

## МАЗМҰНЫ

**ҚАЛИЖАНОВ У.**
Тәуелсіздік дәуірі – ұлттық құндылықтар дәуірі..........3
**ЕЛЕУКЕНОВ Ш.**
Тәуелсіздік кезеңдегі тарихи романдар..........7
**ӘЗІБАЕВА Б.**
Тәуелсіздік және фольклор..........14
**ОРДА Г.**
Қазіргі қазақ романы..........21
**АҚЫШ Н.**
Тәуелсіздік повестері: ізденістер мен іркілістер..........34
**ІСІМАҚОВА А.**
Алаш әдебиеті..........50
**ПІРӘЛІ Г.**
Тәуелсіздік кезеңіндегі әуезовтанудың негізгі бағыттары..........59
**ҚОРАБАЙ С.**
Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану..........66
**САРИЕВ Ш.**
Тәуелсіздік және поэзия..........75
**АНАНЬЕВА С.**
Современная литература народа Казахстана..........85
**ҚАНЫКЕЙҰЛЫ Е.**
Қазіргі қазақ әңгімелері: руханият және постмодернизм..........94
**ЕРГАЛИЕВА Р.**
Изобразительное искусство Казахстана периода Независимости....104
**МҰҚАН А.**
Қазақ театры мен драматургиясы: заман және уақыт..........111
**МҰСАҒҰЛОВА Г.**
Жаңа ғасыр музыкасы..........124
**МҰРАТҚЫЗЫ А.**
Кино: тағдыр мен талғам..........131

ISBN 978-601-7414-72-6

# ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘУІРІ

*Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы*


***Жауапты редакторы***
**У.ҚАЛИЖАНОВ**

***Жауапты шығарушы***
**Г.ОРДА**

***Құрастырушы***
**А.АХМЕТОВА**

***Беттеген***
**Д. ТАЛҒАТ**

Басуға 23.12.2016 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60x84 $^1/_{16}$. Шартты баспа табағы 15,5
Есептік баспа табағы 16. Таралымы 100 дана.